



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Қазақстан қандай өнім шығарады?

4 Тіректі ауылдың тірлігі мығым

5 Полк комиссары

6 Сыр сахнасында – классика

ПРЕЗИДЕНТ



АГЕНТТІК ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаровты қабылдады.

Президент Агенттік жүргізіп жатқан монополияға қарсы тергеу жұмыстары туралы есепті тыңдады. Жыл басынан бері бәсекелестікті қорғау заңнамасын бұзу белгілері бар 293 хабарлама берілген, оның 78 пайызы өз еркімен орындалды.

Марат Омаровтың мәліметінше, Агенттік жұмысындағы стратегиялық бағыттар – бәсекелестікті дамыту және қорғау бойынша тиімді жұмысты қамтамасыз ету, өндірістің негізгі факторларының кәсіпкерлік субъектілеріне теңдей қолжетімді болуын қамтамасыз ету, жеке бастаманы қолдау және бәсекелестік алаңын фаворитизмнен тазарту.

Мемлекет басшысына Жолдауда айтылған, соның ішінде бірыңғай операторларды қысқарту және конгломераттардың қызметін реттеу бөлігінде берілген тапсырмаларын жүзеге асыру жоспарлары туралы баяндалды. Агенттік мемлекеттік қолдау шараларының теңдей қолжетімді болуын қамтамасыз етуге, экономикадағы жеке кәсіпкерліктің үлесін арттыруға, экономиканың негізгі салаларында бәсекелестікті дамыту жұмысына ерекше көңіл бөледі.

Кездесу соңында Президент Агенттік басшысына бірқатар нақты тапсырмалар берді.

ҚЫТАЙ ТӨРАҒАСЫ ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛЕДІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен 14 қыркүйек күні елімізге Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин мемлекеттік сапармен келеді. Бұл туралы ҚазАқпарат Ақордаға сілтеме жасап хабарлады.

Қазақстан мен Қытай басшылары қазақ-қытай стратегиялық серіктестігін жан-жақты нығайтудың перспективаларын талқылайды. Келіссөздерден кейін бірқатар екіжақты құжатқа қол қою жоспарланып отыр.

МӘСЕЛЕ

ГРАНТҚА ТҮСУМЕН іс бітпейді

Бүгінгідей уақыт көз ілесес жылдамдықпен айналып, қоғам қасқағым сәтте құбылып жатқан кезеңде тұрақты бір жұмыстың тізгінін ұстаймын деуге болмайды. Себебі, бұл мүмкін емес. Өйткені қылына мындаған жас мамандық алып шығуда, жұмыссыздық мәселесі әлі де өзекті. Әрине, көп жыл еңбек өтілі бар кәсіби білікті мамандарға деген сұраныс жоғала қоймас. Десек те сол мамандықтың өзі жоғалып кетсе қайтпек керек? Сондықтан алдын ала бірнеше жылға болжам жасай отырып, сұранысқа сай мамандыққа мектеп қабырғасынан баулу қажет сияқты.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Бала бастауыш сыныпта әріп танып, жазуды үйренеді. Осы жаста оның әнге, бейнелеу өнеріне немесе спортқа бейімін байқауға болады. Сондай-ақ, «Баланы – бастан» дегендей, тәрбие бағытына барынша мән берген жөн. Ғалымдардың зерттеулеріне қарасақ, баланың сана-сезімі, ақыл-парасатының деңгейі туралы екі түрлі болжам айтылады: бірі оны генетикасымен байланысты десе, екінші тобы баланың зердесіне сыртқы факторлардың әсері бар деген болжамға тоқтайды. Қалай десек те балаға жастайынан берілетін тәлім-тәрбиенің ықпалы зор екені анық.

Бұл ретте ата-ана ретінде өзіміздің ойымызды жүрген пікірімізді айта кетсем артық болмас. Мысалы, бір сыныпта 20-25 оқушы болса, соның барлығына ән сабағын оқытқанмен, ішінде біреуі болмаса қалғаны әнге мүлде қызықпайды. Бейнелеу өнеріне де дәл солай. Ол пәнге икемі бар бала қызығуы мүмкін. Ал қабілеті жоқ баланы қанша қыстағанмен, нәтиже шықпайды. Оның есесіне баланың қызығушылығы мен ішкі қалауын ескерген жөн болар еді. Расында, барлық сабақтан үздік болып тұрған баланың тек ән сабағынан, бейнелеу өнерінен төмен баға алатынын

бірнеше мәрте кездестірдім. (Өз балам да осы «қиындықты» басынан өткерді) Әрине, бұл жағдайда мұғалім бағаны көтермелеп қоюға мәжбүр. Өйткені барлық пәнді үздік оқитын балаға бейнелеуге қабілеті жоқ деп төмен баға қою әділетсіз болар еді. Міне, сондықтан баланың қай өнерге қабілеті, ынтасы барын анықтап, соған қарай (топқа бөліп) оқытса дұрыс болар еді. Бұл бала бойындағы таланттың ертерек ашылуына да септігін тигізеді. Әрине, бұл – жеке пікірім.

Тақырыбымызға ойыссақ, мектеп оқушысын орта сыныптардан (5-7 сынып аралығы) бастап мамандық түрлері бойынша бағыттауға болады. Өйткені қоғамдағы көптеген белгілі тұлғалардың өмірдеріне көз салсақ, олардың өз мамандығына деген сүйіспеншілігі мектеп қабырғасынан бастап қалыптасқанын аңғарамыз. Айталық, ақын-жазушылар жасөспірім кезінен балалар басылымына шағын жазбалар жариялап, шығармашылық жолға бейімделген. Әншілер, спортшылар да солай, балалар арасындағы байқауларда топ жарып, есейе келе нақты таңдау жасаған. Осы орайда орта буын мамандықтарға бейімі бар оқушыларға көбірек көңіл бөлу қажет.

2-бет



ҚАЛА КҮНІ

Туған күніңмен, ҚЫЗЫЛОРДА!

Биыл Қала күні мерекесі 9 қыркүйек пен 15 қазан аралығында кең көлемде аталып өтіледі. Іс-шаралар тізбегі «Қызылорда – жастар қаласы» тақырыбымен бастау алды. Мереке аясында қалалық «Жастар театры» 8-маусымын белгілі драматург Жолтай Әлмаштың «Отырардың жасыны» тарихи драмасымен ашты. Жастардың өнерін тамашалауға қала әкімі Асылбек Шаменов те келді. Әбу Насыр әл-Фарабидің жастық шағы суреттелетін тарихи драма аяқталған соң, «Жастар театрының» артистеріне құрмет ретінде шаһар басшысының ықылас гүлі ұсынылды.

Сб Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

6-бет



ЖӘРМӨҢКЕ

Елорда жұртының ерекше ықыласы

Қазақ «берекелі» дейтін сөз бар. Бұл мағына біреудің қолы ашықтығын меңзесе, енді бір адам мұны шаңырақтың, отбасының тату-тәттілігі деп түспейді. Біздің жұрттағы байырмалдықпен бір істе бірлесе атқару да осы «береке» сөзінің мағынасына саяды. Ғажан, э?!

Мына оймен не айтқысы келді дерсіз? Тағы да сол, Сыр халқының бірлігі мен ынтымағы. Еңбекке деген адалдығы.

Енді көргенімізді баяндайық. Әрі бұл тілшілік міндет. Кешегі сапарда Нұр-Сұлтан қаласында болдық. Облыстағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткен. Екі күн болды. Бұл жолы да Сырдың түрлі дәмі елордалықтарға сөзсіз ұнады.

Сб Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»



Иә, көргеніміздей, мұнда ағылған жұрт көп. Қала халқы жыл сайын Қызылордадан келер жәрмеңкені көп күткен сияқты. Аралдың ақшабағы мен дөңмаңдайын, сазаны мен сары шұбатын жағалаушылар көп. Ет бағасы былайғы дүкеннен арзан. Біздің басты өнім – күріштің қадірі оларға белгілі. Жанақорған мен Шилінің қауын-қарбызын құшақтай ал-

ғандар да бар. Тәттіге құмар келіншек Қазалының көмірін іздейді. Бәрін айта бермейік, бізден шығар бар өнімнің саудасын қыздырған халықты көрдік осында. Әйтеуір, атағы дардай «Астана Арена» спорт кешенінің маңы ду-ду.

Дәл осы екі күндік жәрмеңкенің алғашқы тәулігінде ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Әбілхайыр Тамабек пен Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов іс-шараға арнайы келді. Олар аймақта өндірілетін отандық өнімдерді қолдау мақсатында арнайы ұйымдастырылған ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесін тамашалады.

Сондай-ақ жәрмеңке аясында облыс әкімдігінің бас-тамасымен қайырымдылық шарасы ұйымдастырылып, көмекке мұқтаж отбасыларға азық-түлік себеттерін таратқанын да айта кету жөн шығар. – Аймақтың аграрлық саласы ел экономикасының дамуына өзіндік үлесін қосып келеді.

Жалпы, биыл 188,5 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылса, оның ішінде дәнді дақылдар 91,7 мың, майлы дақылдар 5,9 мың, малазықтық дақылдар 71,3 мың, картоп, көкөніс, бақша 19,6 мың, ал негізгі дақыл күріштің көлемі 78,6 мың гектарды құрады. Қазір Сыр елінде күрішке орақ салынып, егін жинау науқаны қарқынды жүруде. Сондай-ақ, облыста 228,4 мың тонна картоп, көкөніс, бақша және 20,6 мың тонна ет, 50,2 мың тонна сүт өндіріліп отыр. Міне бүгін өңір шаруаларының өндірген өнімдерін Елорда жұртына әкеліп отырмыз, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Қожаниязов.

Сырдың бойында жер игеріп, тер төгіп, су кешіп, теңіз жағалаған еңбеккер шаруалар жәрмеңкеге 500 тоннадан астам өнім әкелген. Санамалап айтуға да болады. 100 тонна күріш, 15 тонна ет және 30 тонна балық бар.

3-бет



“Әрбір инвестицияның артында жаңа мүмкіндіктер бар”

Өткен сенбіде Премьер-Министр Әлихан Смайловтың төрағалығымен өткен жиында инвестиция тарту мәселелері қаралды. Бұл ретте бірқатар министрлер баяндама жасады.

Үкімет басшысы инвестициялық жобаларды іске қосу бойынша түбегейлі іс-шаралар қабылдап, шетелдік инвесторлармен жұмысты күшейтуді тапсырды.

Селектордан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала, аудан әкімдері мен басқарма басшыларына Үкіметте міндеттелген тапсырмаларды орындау бойынша жиын өткізді.

Өңірде инвесторлармен жұмыс қарқыны төмен емес. Келер жылы құны 543,4 млн долларды құрайтын жылу электр орталығының

құрылысын түріктің «Акса Энерджи» компаниясы бастайды. Сондай-ақ, түріктің тағы бір ірі компаниясы аймақта қызанақ өндіретін зауыт салуға ниетті.

Әкімдік биылғы жылға бекітілген 265 млн доллар шетелдік инвестиция көлемін орындауда жұмыс жүргізуде.

Аймақ басшысы биылғы жылға 373,5 млрд теңге көрсеткіш бекітілгенін қаперге салып, ірі инвестициялық жобаларды әкелуі қажет делі.

– Жылдың аяқталуына 4 ай уақыт қалды, осы аралықта 216 млрд теңге инвестиция



тартуымыз қажет. Сондықтан, қала, аудан әкімдері, бірқатар басқармалар жұмысты үйлестіре біліңіздер. Әрбір инвестицияның артында жаңа мүмкіндік бар. Яғни жаңа мүмкіндік ол ең әуелі жұмыс орындары. Халықтың табысын арттырып, әл-ауқатын осындай ірі жобалармен ғана көтере аламыз.

– Әкімдер белсенді түрде инвестиция тарту бағытында жұмыс жасауға тиіспіз. Былтырғы жылы болған бір реттік жобалардың орнын басатын жаңа жобалар табу қажет. Ірі инвесторлармен кездесіп, келіссөздер жүргізіңіздер! Тек нақты нәтиже болуы керек, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ инвестициялық әлеуетті арттыру бағытында бірқатар тапсырмалар берді.

Бейнебақылау жүйесі жетілдіріледі

Соңғы үлгідегі цифрлық әлеуетке не бейнекамералар орнату көлік қозғалысын бақылап, тұрғындардың қауіпсіздігін сақтап, заң бұзушылықтың алдын алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Қызылорда өңірінде 10777 бейнебақылау камералары орнатылған, олардың 3558-і полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылған. Дегенмен, цифрландыру жөніндегі ұлттық жобадан көзделгендей, 2025 жылға дейін өңірде бейнебақылау камералар санын 1400-ге арттыру міндеті тұр. Биыл соның 500-ін орнату жоспарда бар.

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бірқатар цифрлық компания өкілдерімен кездесіп, Қызылорда қаласын бейнебақылау камераларымен жабықтау мәселесін талқылады.

Жиынға мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыс әкімінің орынбасарлары, облыстық полиция департаментінің бастығы Мұхтар Қожабаев, қала әкімі мен сала басшылары қатысты.

«Arcan Security Solutions», «SATELIT-A», «Көркем Телеком» компанияларының өкілдері жобаларын таныстырып, қала аумағын қауіпсіз ететін бейнекамераларды орнату бағытында өз ұсыныстарын

жеткізді. Мәселен, «Көркем Телеком» компаниясының «Сергек» жобасы тәжірибеге енгеннен кейін, бірқатар өңірлерде көлік апатының және басқа да қылмыстардың саны біршама азайған.

Ал, «SATELIT-A» компаниясының өкілі «мобильді кешен» жобасы интернет мүмкіндігі жоқ аумақтарда да деректерді таспаға түсіре алады дейді. Сондай-ақ, жаңа жобалар құжаттардың сақталуы мен оқиганың базаға жылдам жүктелуіне мүмкіндік береді. Компания өкілдері қысқа уақыт ішінде жобаға жұмсалған қаржының қайтарымы болатынын тилге тиек етті.

Облыс әкімі жобалардың барлығы



сараланып, тиімділігі ескерілетінін және сапасының жоғары болуы маңызды екенін қаперге салды.

– Біз бұл жобаларға бизнес ретінде емес, адам өмірін сақтауға қажет жоба ретінде қараймыз. Бастысы – қала қауіпсіз болуы керек. Тұрғындар, әсіресе балалар қауіпсіздік үшін алаңдамауы тиіс. Барлық жерде бейнекамералар орнатылғаннан кейін ұрлық-қарлық, бұзақылық, түрлі



денгейдегі қылмыстар азаяды деп сенемін. Қылмысқа баратындар да аяғын тартады. Бейнекамералар сол үшін қажет. Сондықтан жоба барлық жағынан ұтымды болуы тиіс әрі мердігер компания жұмысты өз мерзімінде үйлестіре алуы қажет, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ облыс әкімі орынбасарлары, облыстық полиция департаменті және тиісті сала басшыларына



әрбір жобаны пысықтап, қажеттілігін ескеруді міндеттеді.

Айта кетейік, бұл компаниялардан бөлек, алдағы уақытта осы салада қызмет ететін өзге мекемелердің де жобалары қаралып, қорытынды шешім қабылданады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ГРАНТҚА ТҮСУМЕН іс бітпейді

Мысалы, колөнерші, тігінші, ағаш ұстасы, ауыл шаруашылығы мамандары, оның ішінде егінші, фермер, ветеринар, су шаруашылығы сияқты сұранысқа қажетті мамандықтар бойынша жан-жақты бағыт-бағдар берілуі қажет. Тіпті бұл мамандықтардың қоғамдағы, өндірістегі маңызы туралы ашық сабақтар өткізіліп, қызығушылығы бар оқушылар үшін кез келген ақпараттар қолжетімді болуы тиіс.

Тағы бір айта кететін жағдай, мектепте оқу үлгерімі жақсы балаларға көбірек көңіл бөлініп, оларды пәндік олимпиадаларға, басқа да танымдық байқауларға қатысып, өзін-өзі дамытуына қолдау көрсетіледі. Ал үлгерімі төмен балалар мұндай қолдаулардан қалып қалып жатады. Мысалы, осы үлгерімі төмен балалардың қарым-қабілетіне назар аударып, ынтыса мен қызығушылығы бойынша бағыттау білсе мықты мамандар шығуы ғажап емес.

Жалағаш аудалық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықовтың пікірі бұл айтқанымызды құптай түседі.

– Мамандық таңдау – маңызды іс. Әсіресе, бітіруші түлектердің басты мәселесі. Бүгінде мамандықтың түрі көп. Технологияның дамыған заманында жастар еңбекке қабілетті, озық білімді, жана-шыл болуы шарт.

Әлемдегі оқиғалар мен пандемия еліміздің еңбек нарығына да айтарлықтай әсер етті. Қашықтан жұмыс және толық цифрландыру жаңа мамандықтарды алға шығарды. Статистикалық деректерге сүйенсек, биылғы жылы Қазақстанның еңбек нарығында бағдарламашылар, логисттер мен сауаттандыру сұранысы өсе болады. Жыл сайын кәсіби бағдарламашыларға деген қажеттілік артып келеді, ал IT

саласындағы бос жұмыс орындарының саны көбеймесе азайған емес. Бағдарламалық кодты жазумен және бағдарламалық баптауларды жөндеумен айналысатын «классикалық» бағдарламашылардан басқа, веб-дизайнер мамандығы да сұранысқа не және танымал болмақ. Қазір бизнесте бәсекелестік өте жоғары. Сол себепті, бұл сала бойынша қойылатын талап та оңай емес. Қазір сұранысқа сай мамандықтың бірі – логистика. Логисттер тауар қорларының қозғалысын бақылаумен және басқарумен қатар жұмыс процесін ұтымды ұйымдастыруға жауапты. Келешекте білікті, талантты сауаттандыруға деген сұраныс жоғары болуы мүмкін. Қазірдің өзінде жер бетіндегі мегаполистер мен ірі қалаларда тұрғындар саны артып отыр. Сондай-ақ, биыл ең көп оқу гранттары педагогика, IT және техникалық білім салаларына бағытталды. Бұл орайда жоғарыда айтып өткеніміздей, уақыт сұранысы, нарық талабы да ескерілді.

«Көрнекті жазушы Ж.Аймауытов «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл – жай күнелту, тамақ асырау жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген екен.

Расында, қоғамға көз келген саланың білікті мамандары қажет. Әйтсе де экономиканың дамуы, технологиялық процестердің енуіне байланысты бір мамандық жойылып, жаңа мамандық ашылып отыратынын ескеру қажет, – дейді ол.

Қазір елімізде орта буын

және жұмысшы мамандықтары жетіспейді. Бұл туралы талай айтылып та, жазылып та жүр. Дегенмен аталған мамандарды даярлауда түйткілді мәселелер аз емес. Басты себептерінің бірі – кейбір оқу орындарының материалдық базасы мен жаңаша оқыту талаптарына сай заманауи техникалық жабдықтар жетіспейді. Теориялық білім берілгенімен, практика жүзінде жетілдіруге келгенде қиындықтар бар екенін жасырудың қажеті жоқ шығар...

«Білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, бүгінде өңірдегі 30 колледжде 97 мамандық бойынша 18940 студент, оның ішінде 25 колледжде 87 мамандық бойынша 3788 студент дуальді оқыту жүйесі бойынша білім алуға. Ал, 24 колледжде 78 мамандық негізінде модульдік білім беру бағдарламалары, сонымен бірге, облыстағы 10 колледжде «Жас маман» жобасы жүзеге асырылуда.

2025 жылға қарай Ұлттық жобадан көзделген халықаралық салалық стандарттарға сәйкес құрылатын құзыреттілік орталығын И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжі базасынан ашу жоспарлануда.

– Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Жас маман» жобасының операторы болып «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ белгіленіп, қажетті 100 мамандық жобасы қолға алынды. Жобаны жүзеге асыру ережелері, механизмдері қабылданып, ҚР Білім және

ғылым министрлігінің №425 бұйрығымен бекітілді.

Жоба аясында 180 колледж бен 20 жоғары оқу орнын қайта жаңғырту қарастырылған. Оның ішінде материалдық-техникалық базасын жаңғырту және оны жетілдіру, кадр даярлаудағы халықаралық стандарттарды енгізу жұмыстарына басымдық берілген. Облыстағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарынан 10 колледж бұл тізімге енсе, оның ішінде И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық-техникалық жоғары колледжіне осы жоба үшін арнайы қаражат бөлінді. Атап айтқанда, «Электрмен қамтамасыз ету», «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары», «Пайдалы қазбалар мен орындарын геологиялық түсіру, іздеу және барлау», «Жылу электр жылу энергетикалық қондырғылары» деп аталатын төрт мамандық бойынша оқытуға қажетті техникалық қондырғылармен жабдықталды. Бұл жабдықтар орнатылмас бұрын колледждің 10 кабинеті 39 млн-ға толық жөндеуден өткізілді. Ал осы мамандықтар бойынша дәріс беретін 18 оқытушы және 3 лаборант жаңа технологиялық жабдықтарды меңгеру мақсатында тағылымдамадан өтіп, сертификатталды. Жаңа технологиямен жабдықталған колледж базасында «Электр-монтаждаушы» құзыреттілік орталығы ашылып, қазіргі таңда жұмыс жасауда, – дейді И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледж директоры Б.Әбдікәрімов.

Айта кетейік, өңірде техникалық, технологиялық, ауыл шаруашылығы саласы бойынша кадрлар даярлайтын

13 мемлекеттік колледж жұмыс жасайды. Биылғы оқу жылында колледждерге бөлінген грант саны 4708-ді құрады.

Тақырып төңірегінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Рабиға Игенбаева-ның ой-пікірін білген едік.

– Мамандыққа баулу бастауыш сыныптан бастаса да артық болмайды. Мысалы, 1-4-сынып оқушыларының бойында еңбекке деген құштарлығын оята отырып, адал еңбектің адам өміріндегі және қоғамдағы ролі туралы түсінігін қалыптастыру қажет. Ал 5-7-сынып оқушыларының танымдық тәжірибесі мен кәсіби іс-әрекетке қызығушылығын зерделеп, соған қарай бейімдеуге назар аударған жөн. Олардың өзіне деген сенімділігін арттырып, әлеуметтік және кәсіптік тәжірибенің әртүрлі салаларында бастапқы тәжірибені алуына бағыт беру керек.

Бала бойында байсалды мінез қалыптасатын 8-9-сыныптарда оқыту бейінін таңдау бойынша топтық және жеке кеңес беру арқылы оқушының қызығушылығы мен қабілетіне, сондай-ақ, құндылық бағдарына сәйкес келетін білім беру сұранысын қалыптастыру қажет.

Ең маңызды кезең – 10-11-сыныптарда оқушының бойында өзіндік даярлық және таңдаған жұмыс түрі бойынша кәсіби қасиеттерді қалыптастыруға, соған сәйкес жоспарлар түзуге, бұл ретте туындайтын сауалдар мен қойылатын талаптарға дайын болуға үйрету керек. Осындай кешенді, жүйелі жұмыс жүргізілсе ғана оқушы өз кәсібін жүрек қалауымен таңдай алады.

Өкінішке қарай, бүгінгі қоғамда ата-аналарды бала-сының қандай мамандықты таңдағаны емес, тек грантқа түсу мәселесі ғана толғандыратыны жасырын емес. Мысалы, ел-жұртқа, ағайынға «балам грантқа түсті» деп мақтанышпен жарияласа, сол жағын көбірек ойлайды. Сол үшін ата-аналар алдын ала шешім қабылдап, баланың болашағын болжап қояды. Ал шындығында, ата-ана айлығы көп жұмысқа қарағанда, сол айлықты мол табуға, табысқа жетуге өзінің қабілеті мен дағдысын сүйіспеншілікпен жұмсайтын нағыз маманның қалыптасуына ықпал етуді ойлағаны дұрыс болар еді.

Мектеп мұғалімдерін де баланың мамандықты дұрыс таңдағанынан гөрі кейбір көрсеткіштер қызықтыратыны белгілі. Айталық, грантқа түскен оқушылар саны мен рейтинг нәтижесі. Қоғамдағы жұмыссыздықтың басты себепі де осы, яғни, қаламаған кәсібімен айналысқысы келмейтін, қолында дипломы бар мамандардың даярланып шығуы. Жылдан-жылға мемлекет грант санын көбейтіп жатыр, бұл әрине, жақсы. Әйтсе де бүгінгі қоғам талабына сәйкес кәсіби бағдарға ерекше мән беру керек, – деді ғалым.

Сөзімізді қорыта келе айтамыз, заман ағамына сай адам баласының талғамы өзгеріп, талабы күшейе түскен кәсіпті мамандықты дұрыс таңдай білудің маңызы зор. Сондықтан жас ұрпақтың санасын жоғары білімге деген «тәуелділіктен» арылып, қажетті мамандықтарға орай көзқарасын қалыптастырған жөн. Біле білсек, білімнің санатынан гөрі сапасы маңызды екенін уақыттың өзі дәлелдеді.

ЖАҢА МАУСЫМ

Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры 68-маусымын бастады...

Сb Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Сыр сахнасында – классика



Театр ұжымы өткен маусымда А.Жапаровтың «Әйел тағдыры»... А.Володиннің «Кездесу мен қоштасу»...

қолтаңбамен және жанрлық ерекшеліктерімен қойылып жүр.

Сыр сахнасында бейнеленген қойылымда ер азаматтың нағыз батырлығы, өжет қасиеттері мен інкор сезімнің нәзіктігі анық көрсетілген...

Ал жаңа маусымда жаңалық көп. Шығармалық ұжым биыл Ақтау қаласында өтетін «Әбіш әлемі» халықаралық фестиваліне шақырту ала...

Жаңа маусымның ашылуына сахналанған ұлы драматург У.Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» шығармасы мәңгілік құндылықтарды әспеттеуімен рухани мұраға айналғаны белгілі...

Спектакльге бас-аяғы 28 адам қатысты. Бас кейіпкер – Ромеоны Батырхан Амангелдиев пен Нүрсейіт Сыздықбаев сомдала...

Олардың актерлік шеберлігі қойылымда анық көрініп отыр. Театр артистері сахнадағы керемет декорацияға жан бітіріп, көрермен көзайымына айналды...

ТАРИХ

ТЕАТР ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНҒАН ҚАЛА

Қазыналы тарихтың сарғайған парақтарынан 1925 жылғы сәуірде Ақмешітте, яғни қазіргі Қызылордада Қырғыз (Қазақ) АКСР кеңестерінің бесінші съезі өткенін білеміз...

Сb Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы»

Онда «тұрмысы жүдеу, арта қалған Қазақстанды шаруашылығы жаңғырған күшті, мәдениетті кеңес республикасына айналдыру» жолдары...

Бұған дейін тұңғыш кәсіпқой қазақ театрын ұйымдастыру мәселесі Орынбор қаласында өткен I Жалпықазақтық съезінде көтерілген екен.

Тарихшы Б.Қойшыбаевтың Қазақ ұлттық театрының алғашқы ұйымдастырушысы және директоры Дінше Әділов туралы мақаласында театрға қатысты тарихи деректер молынан келтірілген.

«Өнерпаздар әуелі Қазақстанның бес жылдығын тойлау күндерінде – 1925 жылдың күзінде астанада бас қосқан және Қызылорданың мерекелі орында ән шыраққан...

– Бізде ойнаушылар (артистер) бар ма? Әрине бар. Бірақ біздің ойнаушыларымыз әлі төселмеген. Жалпы көптің ішінде әлі бөлініп шыққан жоқ...

Кейде артистеріміз пьеса жазушы да болып шығады. Биыл Семей губерниясында болған «Қоянды» жәрмеңкесінде олар талай ойындар көрсеткен.

Екі гасырдан астам тарихы бар Қызылорда қаласы бүгінгі күні халықтың айнымас бірлігінің, тынымды тірлігінің арқасында экономикасы қарыштап дамыған, әлеуеті арқан қалалардың біріне айналып...

13 қаңтар, алғашқы қойылымы Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» деп жазылғанмен, 13 қаңтар күні Қошқе Кемеңгеровтің «Алтын сақина» атты пьесасы қойылған деген дерек бар...

Ораз Жандосов, орыс театрының режиссері Михаил Насонов, ақын-жазушылар Бейімбет Майлин, Молдағали Жолдыбаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытовтың болғаны байқаймыз.

Б.Қойшыбаевтың зерттеулеріне қарағанда қазақтың тұңғыш ұлттық театры Қызылордадағы орыс театрымен бір ғимаратта аптанық бейсенбі, жексенбі күндері ойын қойып отырған...



деген өлеңді айтқанда сын артистерді ақтарып отырып, игі іске жұмылған азаматтардың жана-шырлығын, жаңалыққа ұмтылысын анық аңғаруға болады.

Казак бiр өнерінің негізін салушы Шара Жиенкұлова «Өмірім менің – өнерім» атты өмірбаяндық кітабының Қ.Жандарбеков туралы тарауында: «Күндердің күнінде Құрманбек Қызылордадан шығатын «Еңбекші қазақ» газетін оқып отырып құлап қалағандай және бір жағдайға кезігеді...

Кейіннен қазақ театр өнерінің негізін салушыларына айналған майталмандар осылайша Қазақ театрының алғашқы труппасына біріккен еді.

Ресми деректерде театрдың ашылған күні 1926 жылғы

6-да Мемлекеттік Ұлт театрының ашылу мерекесі болады. Театр артистері Кеменгерұлының «Алтын сақинасын» ойнайды.

Б.Қойшыбаев алғашқы қойылымға қатысты деректің бұрмалануын Діншенің де, Қошқенің де саяси репрессияға ұшырауымен байланыстырады.

«Еңбекші қазақтың» кейінгі нөмірлерінде де ұлт театрының қызметі, арнайы ұйымдастырылған бөйге, желкеленген спектакльдерді қоюшы режиссерлер, ойнайтын артистер, туындыларды сараптайтын комиссия құрамы жайында деректер үзбей жарияланып отырған...

Кызылордада іргетасы қаланған қазақ театрының өркендеуіне ұлттық театр өнерінің бастауында тұрған артистер де, басшылар да барын салды.

«Еңбекші қазақ» кейінгі нөмірлерінде де ұлт театрының қызметі, арнайы ұйымдастырылған бөйге, желкеленген спектакльдерді қоюшы режиссерлер, ойнайтын артистер, туындыларды сараптайтын комиссия құрамы жайында деректер үзбей жарияланып отырған...

«Жеті кісіден сыныс комиссия ойында болып, пьесаның артық, кем жерлерін бақылап отырады», деген хабардан комиссия құрамында ағарту халкомы Смағұл Садұқасов, өлкелік партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі

кітабында «Құрылғанына екі жыл болған Қазақ драма театры Қызылордадан Алматыға гастрольге келді. Атақ-даңқына сырттай қанық ұлттық драма өнерінің тұңғыш қарлығаштары – Қалибек Қуанышбаев, Елубай Әмірзақов, Серәлі Қожамқұлов, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Құрманбек Жандарбеков, Жұмарт Шанин, тағы басқалары спектакльдер қойып, озық өнерлеріне жұртшылықты тәтті етті» деп жазылған.

Қызылордада іргетасы қаланған қазақ театрының өркендеуіне ұлттық театр өнерінің бастауында тұрған артистер де, басшылар да барын салды. Осылайша керегесін тіктеген қазақ театры бүгінгі биік белесіне көтерілген.

Туған күніңмен, ҚЫЗЫЛОРДА!

Мерекелік іс-шаралар легі қала күні тарихында бұрын-соңды болмаған «Жастар карнавалына» ұласып, жалынды жастар Қорқыт ата кешенінен орталық алаңға дейінгі жолды жаяу жүріп өтіп, қала көшелерін думанға бөледі.

Қызылордада алғаш рет жастардың сұранысы негізінде қала әкімдігінің ұйымдастыруымен «Менің сүйікті қалам» мобилграфтардың республикалық фестивалі өтті.

Онда елімізге танымал мобилграф, режиссер Қыран Талапбек және «Кутап Films» ұжымы жиналған жастарға мобилграфия саласындағы тәжірибелерін бөлісті.

Кездесу соңында мобилграфтардың ортақ тобы құрылып, екі жас кәсіпкерлер тарапынан бірлесіп жұмыс істеуге ұсыныс алды.

Қызылорда қаласынан, Арал, Қармақшы, Жанакорған, Жалағаш аудандары мен Алматы қаласынан келген. Олар қала

күнiне орай «Менің сүйікті қалам» тақырыбында креативті бейнероликтер түсірді.

Қала күні мерекесінің салтанаты ашылуына арналған гала-концерт орталық алаңда өтті.

Екі гасырдан астам тарихы бар Қызылорда қаласы бүгінгі күні халықтың айнымас бірлігінің, тынымды тірлігінің арқасында экономикасы қарыштап дамыған, әлеуеті арқан қалалардың біріне айналып...

қарқынды дамуына шолу жасалатын Қала күні барша қызылордалықтар асыға күтетін мерекелердің біріне айналды.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет аптасына 3 рет (сәуірсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.